



Нұр-Мұбарак
Египет ислам мәдениеті университеті

Egyptian University for Islamic Culture
Nur-Mubarak

050016, Алматы қ., Әл-Фараби даң., 73
тел/факс: 8(727) 3020930, e-mail: info@nmu.kz

73, Al-Faraby av. Almaty, 050016
tel/fax: 8(727) 3020930, e-mail: info@nmu.kz

№ _____

« 15 » 01 2021 ж.

Диссертациялық кеңестің 2020 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы диссертациялық кеңес

Исламтану/дінтану бойынша Диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Дербісәлі Әбсаттар Бағысбайұлы

Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары

Құрманбаев Қайрат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының 2019 жылғы 12 тамызындағы № 648 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

8D02201 «Исламтану» мамандығы бойынша;

8D02202 «Дінтану» мамандығы бойынша диссертация корғауын қабылдауға рұқсат берілген.

1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер

2020 жылы Диссертациялық кеңесте 2 диссертанттың диссертациялық жұмысының корғауы өтті. Есеп беріліп отырған мерзімге дейін кеңесте 4 отырыс өткізілді.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі

– Муминов Ә.Қ. (онлайн қатысты)

– Кенжетай Д.Т. (онлайн қатысты)

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	Т.А.Ә.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО
1	Утпинов Наурызбай	Исламтану	Ислам дағуатының	Отандық ғылыми кеңесші: Филология	Нұр-Мұбарак Египет ислам

қоғамындағы дағуаттың өзіндік сипаты мен әдіс-тәсілдерінің теориялық-практикалық аспектілерін тұжырымдаған.

Аманқұл Темур Оралбайұлының «Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы 1920-1950 жылдардағы ислам тарихын зерделеуге, аталған кезең мен кеңістіктегі ислам діні мен мұсылмандардың жағдаяттарын ғылыми тұрғыдан зерттеуге арналған. Диссертант зерттеу жұмысында 1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы ресми биліктің исламға қатысты ұстанған діни саясатының кезеңдік ерекшеліктерін анықтап, тұрмыстық исламның қоғамның рухани негіздері мен құндылықтарын сақтаудағы рөлін дәйектеген.

4.2 Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми техникалық бағдарламалармен байланысы

Диссертациялық кеңестің отырыстарында қаралған диссертациялар Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Білім беру бағдарламаларына, Университеттің Даму стратегиясына, Дінтану және Исламтану кафедраларының ғылыми зерттеу жоспарларына сәйкес орындалған. Сондай-ақ диссертациялық жұмыстардың Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» және ұлттық мәдени мұраны игерумен байланысты мемлекеттік бағдарламаларға қатысы бар.

4.3 Қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау

Утпинов Наурызбай Тағанұлының «Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Ғылыми ізденістің тұжырымдары исламтану саласын кешенді зерттеудегі бос кеңістікті толықтырады, сонымен қатар, қоғамда дін насихатын жүргізудің дұрыс үлгісін анықтауға, Қазақстан Республикасы үшін дәстүрлі болып табылатын исламды дамытуға үлесін қоспақ. Сондай-ақ, диссертация жұмысының тұжырымдары мен ғылыми нәтижелерін исламтану мамандықтары бойынша білім алатын орта-кәсіби колледждерде және жоғары білім беретін оқу орындарында, діни радикализм мен экстремизмнің алдын алу бағытында жұмыс жасайтын ғылыми институттар мен орталықтарда материал немесе қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Аманқұл Темур Оралбайұлының «Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Зерттеу нәтижелері еліміздегі қазіргі заманғы ислам тарихындағы ақтаңлақтардың орнын толтырып, рухани жаңғыру бағдарламасының жүзеге асуына өз үлесін қосады. Әртүрлі тарихи-мәдени және саяси-әлеуметтік жағдайлардағы исламның интеграциялық, аксиологиялық және мәдени трансляциялық қызметтерін айқындау еліміздегі діни бірегейлікті нығайту мен конфессиялар арасындағы ынтымақтастықты жетілдіруге де ықпал етеді. Диссертация материалдары еліміздегі ислам тарихы, дінтану, мемлекет-дінаралық қатынастар пәндерін оқытуда қолданыла алады.

	Тағанұлы		негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)	ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры Керім Шамшәдин Тұрсынұлы Шетелдік ғылыми кеңесші: Анкара университетінің профессоры Исмайыл Чальшкан (Анкара қ., Түркия Республикасы)	мәдениеті университеті
2	Аманкүл Темур Оралбайұлы	Дінтану	Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар	Отандық ғылыми кеңесші: Филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры Керім Шамшәдин Тұрсынұлы Шетелдік ғылыми кеңесші: Мухаметшин Рафик Мухаметшович – Ресей ислам институтының ректоры, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор. (Қазан қ., РФ Татарстан Республикасы)	Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

4.1. Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Қорғалған диссертациялық жұмыстардың тақырыбы исламтану және дінтану салаларымен байланысты.

Утпинов Наурызбай Тағанұлының «Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстандық модель негізінде діни насихаттың әдістері мен қоғамдық санаға ықпалын ғылыми тұрғыдан зерттеуге арналған. Диссертант зерттеу жұмысында исламдағы дағуаттың мәні мен мазмұнын, тарихи даму барысындағы формалық эволюциясын, типтік ерекшеліктерін талдау және қазіргі Қазақстан

5. Рецензенттердің жұмысына талдау

Ph.D докторанты Утпинов Наурызбай Тағанұлының «Ислам дағуатының негіздері мен әдістері және оның қоғамдық санаға ықпалы (Қазақстандық модель негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына келесі рецензенттер тағайындалды:

1. Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы – философия ғылымдарының докторы, профессор, Ясауи атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры.
2. Шағырбай Алмасбек Дүйсенбекұлы – PhD докторы, ҚР БҒМ Ғылым Комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану бөлімінің аға ғылыми қызметкері.

Ph.D докторанты Аманқұл Темур Оралбайұлының «Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына келесі рецензенттер тағайындалды:

1. Құсайынов Дауренбек Өмірбекұлы – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер» кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы.
2. Бағашаров Құдайберді Сабыржанұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының аға оқытушысы, Ph.D докторы.

Рецензенттер диссертацияларды және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде Диссертациялық кеңеске жазбаша пікірін ұсынды. Онда диссертациялық жұмыс тақырыптарының өзектілігі, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми қағидалар, қорытындылар, ұсынымдар және практикалық құндылығы негіздемесінің дәрежесі, олардың жаңалығы бағаланып, тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды берілген.

Рецензенттердің пікірлері Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2011ж. «31» наурыздағы №126 бұйрығымен (2012 жылғы 18 мамырдағы № 225, 2013 жылғы 4 мамырдағы №172, 2016 жылғы 21 қаңтардағы №56, 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №512 бұйрықпен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге) Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесінің талаптарына сәйкес орындалған және рәсімделген.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

6D021500 «Исламтану» және 6D020600 «Дінтану» мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңестің жұмыс мерзімінің үш жылдан кейін де жалғасын табуын ұсынамыз.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің каралған диссертациялары туралы деректер

	8D02202 «Дінтану»	8D02201 «Исламтану»
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-

Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	1	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	1	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-

Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары



К. Құрманбаев

Диссертациялық кеңестің

Ғалым хатшысы



А.Б. Акимханов